

894,342-1

0-65

к

АРХИВТІК

ҚАТЫРАУ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ

АРХИВТІК
ҚОР

Қаржау ОРАЗБАЕВ

Қарашүңгіл



894.342-1.

Атырау қаламгерлері

0-65
K

АРХИВТІК
ҚОР

Қаржау ОРАЗБАЕВ

Қарашүңгіл

өлеңдер

ӘКЕ
Алматы
2000


Қаржау ОРАЗБАЕВ.

Қарашүңгіл. Өлеңдер – Алматы: «Өлке»
баспасы. – 2000 ж. – 80 бет.

Жыр сүйер қауымға ұсынылып отырған бұл жинаққа ақын Қ. Оразбаевтың өлеңдер жинағы еніп отыр. Жинақтағы өлеңдер мұнайшы, барлаушы өмірі, жастық, махаббат, көңіл күй сезімдері, басқа да ғұмырлық мәселелерімен ерекшеленеді.

ISBN 5-7667-9430-4

© «Өлке» баспасы. 2000 ж.



I бөлім

КИЕЛІ МЕКЕН — КЕҢ ЖЫЛЫОЙ

*Асан Ата
Өлмейтін өнер керек!
Зәрі сынған заманым
Кемел
Зерек
Құтым әмөн ЖЫЛЫОЙЫМ
Жұртым аман
Аруағыңмен қолдай жүр
Желеп — жебеп!*

ЖЕМ — ЖЫЛЫОЙ

Қырыңда киік жайлаған
Суыңда балық ойнаған.
Оймауыттай тоғай егінің
Ойыңа келген асың жейтұғын
Кемде кеңес қылмадың
Жемнен де елді көшірдің...

Асан Қайғы

Өзге емес
Өзі айтқаны Асан қайғы
Әз-Жәнібек уәжден аса алмады
Алаңдаған Жем үшін абыз ақын
Айналғанша қонысқа қашан жайлы.

Жем — Жылыой!
Заты — барлық, аты қанық
Қасиетің неде екен жат ұғарлық?!
Талайдың көз құртына айналыпсың
Ұлы Жібек жолына жатып алып.

Каспийдің қолтығында ауып қонған.
«Қаңбақты» деп өу баста тауып қойған.
Балық болған кәсібің
Нәсібің де
Қазынаға сұқ көзден қауіп болған.

Қарашүңгіл-
Әулие
Кие мекен
Бйлығына болмақ боп ие бөтен.
Түгін тартқан ағылшын тауы қайтқан
Киесі атса

Кесірге тиеді екен.
... Тас ғасырдан аз ба еді мұра көрген.
Төмпешікті сыр бүгіп тұра берген.
Тастүлектің қанаты қағып кетіп
Көгілдір тас жарқ етіп шыға келген.

Өркениет іздері зейінді алған.
Әлем билеп
Мысырға дейін барған
Тірілсе егер Бейбарыс
Тұран жақта,
Ұлы Жем бе — іздейді елін қайдан?

Жиһанкездер...
О, қанша тоқтағаны!
Марко Поло!!! Басқа ма... көп қарады
Қарақұмнан аршитын құпия көп
Скифтердің табылар оқтары әлі.

Қызылқорған
Не дейді Қалмаққырған?
Боғданың күйінде зар сарнап тұрған
Бекет ата аруағы айбарыңдай
Ақмешіт елге бетін арнап бұрған.

Шалкиіздің Жылыойға ізі өтіпті.
Сыпыра жырау
«Тоғыз хан түзетіпті»
Жаяу Мұса
Жырлаған Сегіз сері
Өтен батыр ел шебін күзетіпті.

Тағдыр аз ба
Тап болған қырсық алдан?
Көктей солған Көкөтай бүршік арман
Сағаналар шер-аснап «Үшқандағы»
Шертіп қалсан мұңлы үн шығарған.

Толағайым
Теңіздей алып туған
Перзентіңмен көрінер анық тұлғаң.
Не көбелек болармын жарық қуған.
Не отыңа түсермін жанып тұрған.

Сор арылып
Қонды ма Бақ басыңа?!
Қияға арман қанатын қақты асыға
Ер ұлдарың атыңды жазар барып.
XXI ғасырдың қақпасына.

Жем тасуы-ай
Арнасын өте кернеп.
Буырқанған мұратқа жете бермек.
Сырт көздердеп қорқамын
Тфө! Тфө!
Бесігіме көз тиіп кете ме деп.

Асан ата
Өлмейтін энер керек!
Зәрі сынған заманым
Кемел
Зерек
Құтым әмен Жылыойым
Жұртым аман
Аруағыңмен қолдай жүр

Желеп — жебеп!
Жадау қалпы бала кез.
Жалаңаяқ
Жаутаң-жаутаң қаракөз
Қалам аяп
Асқар тауы құлаған
Абайсызда
Жетім жүрек жылаған
Талай сыздап
Ана да ерте суалып
Арда бұлақ
Балапан-тал қуарып
Қалды аңырап.
Алтын бесік ауылы
Аялаған
Жан жылуын қауымы
Аямаған.
Бүршік жарып көк шыбық,
Өсті бойлап.
Жігіт шықты төсті ұрып,
Есті қайрат!
Жігіт емес мігітті
Көнбесе илеп,
Көсем болар жігітті
Ел де сүймек.
Енді бүгін жөн ұғам:
Алтын кездік сол ұлан.
Өмір дөнін жерге түйреп,
Шала сөнгенге шоқ тастап,
Келе жатыр көш бастап,
Күні талқан ауылын
Үміт артқан қауымын
Өрге сүйреп.

ЖАСТЫҚ

Бұлаң шақтан бүйіріміз тоқ астық.
Құдайым — деп,
Уақым жоқ,
Жоқ аштық,
Жарастық та, болған кейде оғаштық
Бұл өмірге еркелеумен көз аштық.

Көздегенде
Көркемжанға көз тиді
Көкөрім жас көкірегіне сөз түйді
Екі беті секілді екеу медальдің
Екеуі де ессіз шаққа елтиді.

Беу, жастық-ай!
Жанар кезде жана алған
Қандай, шіркін, көктем өнген дән-арман
Жасыл бояу — жаратылыс көктемі
Көктем шағым қайда менің?
Таба алман.

Қайран жастық қабағынан іздедім
Жалын атқан жанарынан іздедім.
Думан қызған жан-жағымнан іздедім
Көріне ме аржағынан іздерім?

Шырын жастық
Шәрбәтіңе тоя алман
Қайда дүние
Қызыл-жасыл боянған?!
Тәтті ұйқыдан секілдімін оянған
Өрісінде келе жатам ой-арман.

ҚОҢЫР ШАЛ. ЖЕРКЕПЕ. ҚОЛАМТА

Қоңыр шал, қоңыр тірлік, қоңыр әуен.
Кәрі қой қырда жиған қоңын әрен.
Толғауы тоқсан тұрмыс мың құбылсын
Ол үшін өз орнында өмір-өлем.

Жалғыздық. Жадау-жамау жеркеспесі.
Алдында аз жандығы ерте-кеші.
Еркелеп те көрмеген тағдырына.
Ей, өмір осы жанға еркелеші!

Аштық жыл асап қойған бала шағын.
Жастығын соғыс жалмап — о да сағым.
Қу тізесін құшақтап кемпірі өлген.
Өзіменен әкетті болашағын.

Өткен күн енді ойласа бұлдыр елес.
Көп тірлік қоңырайған күлді-көмеш.
Табанына жаншығыш тағдырменен.
Бітпейтін осы болар құлдық егес.

Өрмесі өмірінің, қоналқасы.
Секілді жауыр-жауыр жонарқасы.
Қырдағы қоңырайған жеркепеде.
Қоздайды қоңыр тірлік қоламтасы.

ШАТПАКӨЛ. АШТАП. ШАЛҒЫ ОРАҚ

Шатпакөлде жатырмын шауып пішен.
Шау көдені шалғыға тауып түсем.
Шеке тескен, шілденің шағырмағы-ай,
Тілім сыймай аузыма талып түсем.

Шаруа жайы оңалмай түздегі үйің,
Ащы терің алынар күзге дейін.
Құйын-ине күйтабақ-қырда ойнап,
Сыңсытып бір шертеді шілде күйін.

Өрттей шалқып даланың аңызағы.
Көлдеу исі жетелеп мал ұзады.
Талықсыған торғайдың шырылын-ай,
Тамшы су кім аузына тамызады?!

Тор атым тұр терлігін терге малып,
Жарамаған желпуге жел де ғаріп.
Біршып ұшып ыстық күн табасынан,
Шыж етіп түссем бе екен Жемге барып.

... Шамам барда шаң қапшас шалғы орағым,
Шаршы алаңда дестелеп бауды орамын.
Ащы тер мен күн сіңген азық-пішен,
Құты болып кіргенше мал қораның.

СОҚЫР ҚЫЗДЫҢ КҮЙІ

Тыныш тұрған бұл әлем.
Дыбыс жұтып қойды анық.
Бара жатыр бір әуен,
Шымыр-шымыр бойды алып.
Таңның күміс бұрымы,
Тарқатылып барады.
Шықтанған тал тұлымы,
Шарқат іліп қарады.
Көкжиектен күн шығып.
Түннің сынып бар зәрі.
Тоқсан толғау тіршілік,
Басталғандай толғағы.
Мұрат үшін жанықтық.
Не мақсатқа ұмтылдық?
Ғұмыр деген жарықтық,
Сәуле екен ғой бір күндік.
Сол сәулеге қаталап,
Сімірген сәт күш те алдық.
Бұл не деген махаббат,
Бұл не деген құштарлық!
... Қара шанақ үнін-ай,
Мұң өріліп, күн күлген.
Күйші екен қыз...дүние-ай.
Зағиптығын кім білген?!
Кәмшат бөрік үкісі.
Қауырсыны Музаның.
Қара көздің күлкісі —
Жүзіндегі нұр жалын.
Бұл бақытқа кім ие.
Сезін мейлі, сезінбе.

Дөңгелейді дүние,
Көңілінің көзінде.
Қуанышым, бар мұңым.
Әр қайырым тұсында.
Тағдырым ба, тағдырым,
Саусағының ұшында.
Қос ішекпен өрілген,
Көкжиегім көрінген.
Одан әрі белдеу жоқ,
Көрім жуық төрімнен.
Тірлік дәмі тәттірек,
Күйі қилы мың бұрау.
Бір ішекте шатты леп,
Бір ішек сәл мұңдылау.
Таңым бұлай атпаған,
Шайдай ашып ұйқымды.
Топан судай қаптаған,
Толқып барып күй тынды.
Шығарғанда тұйықтан.
Нені сездің не білдің?!
Ұйтқып соғып ұйытқан.
Ұлы күйі-ай Өмірдің!
Соқыр көзден жас тамбай,
Сор төгілсе — қасірет.
Көңіл күйін дастандай,
Шерте білу — қасиет.
Өлмек емес ұлы үміт,
Киесін айт, күй-ғұмыр.
Көз-жанарын суырып,
Көңілдерге құйды нұр.

КЕЙУАНА

Көрген түс боп қалдың ба?
Беу, өмір-ай, тұл кедей.
... Отыр аула алдында.
Қара кемпір шүйкедей.

Өткен күннің сыры көп.
Көкірегі шерлі ана.
Күншуақтың құлы боп,
Құнысады кейуана.

Мұң қосады мұңына,
Іздеп жылдар елесін.
Күннің әлсіз нұрына,
Тосып кәрі денесін.

...Ол да кеше жас еді.
Жастығына мас еді.
Ер жігіттің құшағы-
Ерітіп түсер әсерлі.

Ұя санап жат үйді,
Аттаған күн гүл атты.
Бір ғасырға татиды,
Келін түскен бір-ақ түн.

Өттең, тағдыр оңғармай,
Қалды сол шақ үзігі.
Тоқтышақтай тон болмай,
Қызығы мен шыжығы.

Соғыс өрті тұтады,
Ері кетті от кешіп.
Үмітінің бұтағы
Сынып түсті шұрқ тесік.

Кетті содан хабарсыз.
Шөгіп алды нар қайғы.
Жан-асыл да, тән-арсыз.
Сағынышы сарғайды.

Жана алды ма жан нұры,
Тежеді ме сезімін?
Тастай үгіп тағдыры.
Таусып бітті төзімін.

Осы ма өмір тозағы,
Баяғы ерке наз үн жоқ.
Атан жүгі-азабы.
Мандай кетті әжім боп.

Қуарған жоқ құрақтар,
Құлын, мүше қуарды.
Суалған жоқ суаттар,
Көздің жасы суалды.

Құшып сүйген бақыты,
Құшағына симады.
Жанардағы жаһұты,
Ағып түсіп қинады.

Өтті-кетті бәрі де,
Қайта салмай өніне.
Жас айналды кәріге,
Бұл өмірдің мәні не?!

Мойы, мейлі, мойыма,
Заман өзі-басты айып.
Қарғыс атқыр Сорына
Қарайды ана қасқайып.

Жұрты сыйлап жабыла,
Жұбатумен өтті елі.
Бастан ұшқан Бағына,
Бәрі бір қол жетпеді.

... Таныс аула... ана бар.
Жамау тепшіп бұл күні.
қашан бүтін жамалар,
Дүниенің жыртығы!!

МЕҢДЕКЕШТИҢ СУРЕТІМЕН ТІЛДЕСУ

От едің алау,
Жанып кеттің бе жан аға?!
Жұлдыз ең жарық,
Ағып кеттің бе ауаға?!
Ақшулан толқын
Ақ бұйра шашыңды жел тарап.
Көкжиегіңе көз тігіп тұрсың жағада.

Көк мұхит жалдап.
Кемең де жүзген ертерек.
Көбігін шашқан көкайыл толқын еркелеп
Дүниеге ессіз қаталай шөлдеп келіп ең
Мейірің бір қанбай морт
сынып түстің— не керек!

Ақ моншақ жырлар
Алқа құраған тізбе көп
Кемеңгер ойдан кесте тоқыдың жүз бөлек
Бұйрық солай ма—
Бұрқан да талқан жем тасып
Ізіңді көмді
Ақкиіз жақтан іздеп ек.

Қызғалдақ-ғұмыр
Қырында жайнап өттің бе?
Қайырылып соқпас
Құйындай ойнап кеттің бе?
Ақша бұлттарға сіндің де, бәлкім, жоғалдың
Көзінде жұмбақ сыр жатыр
Көк мұхит сынды көктің де.

ҚАРАШҮНГІЛ КИЕСІ

Әулие ғой ер Қара
Қыз Шүнгіл де
Тылсым күшке тартылған түстім күйге
Ата-баба
Сыйынып аруағына
Ақ қанат періштеммен ұштым бірге

Қай күдірет
Қойнына асыл көмген
Көзін ашып
Тұманың жасын көрген
Құлпытастар сыр бүгіп құлпын сынды
Жана жайлау көріндің жасыл белден

Кие мекен
Ел-жұртқа ес көрінген.
Қуат табам бойыма сесті өңінен
Тарих қойнауына сүңгіп кеткен
Тері меске құт теңдеп көш-керуен

Тұңғыштардың жолы ауыр
Жөні басқа
Қатаяр ма
Қанатын өзі қақса
Ағылшындай алпауыт
Көнтулақтай
Илегісі келді бір көніп жатса

Тосын байлық
Көрдi де тосын мұра
Төсiн тесе жөнелдi қосын құра
Тас құрсағы иiр ме
Жатып алды
Сұқ көздердiң сұсынан шошынды да

Көрген дала кұқайды
Қасiреттi
Жасын өптi
Жарқылдап ғасыр өттi
Келiмсектiң тонағыш кесiп жолын
Өз жұртына айналды қасиеттi

Қарашүнгiл
Көзiмнiң қарасы бұл
Мейiрiмiн төгетiн анасы-нұр
Кие тұтып, сиынған сенi жұртың
Сен жұртыңа сүйеу боп,
Қарасып жүр!

ТЕҢІЗ — ТЕЛЕГЕЙ

«Теңіз»¹ келсем —
Телегей теңіз көрем
Сен іздеген бақыт ол, мен іздеген
Тереңнен маржан сүзген текті ұлдардың
Тілегі мен үміті егіз дер ем.

«Теңіз» деген —
Сарқылмас ырыс деген
Құрысын жазған сонан құрыш денем
Қалжыраған қарт Ембі қайта түлеп
Терең алған екінші тыныс көрем.

«Теңіз» білсең —
Қос құрлық дәнекері
Атыраудың айбыны! Бөркелді!
Түгін тартса май шыққан құйкалым-ай
Ащы тердің тұщысы, бар өтемі...

«Теңіз»... «Шеврон»...
Бірлескен ұлы сында
Өз тізгінім өзімнің уысымда
Қазақ ашып мейманға дос құшағын
Американ айналды туысыма.

¹ «Теңіз» — Атыраудағы әлемге әйгілі мұнай кеніші

ФОНТАН

Тағы бір түн ұйқыны ұрлап,
Таң атқан.
Болат бұрғы өтті тұзды қабаттап.
Төрт мың метр!
Кенет газдың белгісі
Қауіп! Қайдан...
О, қолдай гөр жаратқан!

Зеңгір көкте
Ніл тамызған нұрша Күн
Көкжиекте
Көлдей шалқып кіл сағым.
Жер-Ананың жан қысымы секілді.
Тұңғыықтан талып жетті бір сарын.

Бұрғышың ба — болбыр емес, білгір, ей...
Жанарыңда үміт пенен тұр үрей.
Қондырғыны тік көтеріп кетердей,
Ысқырынып келіп қалды бір дүлей.

Тұз қыраны!
Тілегіңді тілейміз.
Ақ жүректің арман құсы түлей ұш!
Жер кіндігі көк түндігін желпіп қап,
Ытырына атып кетті дүлей күш.

Беу, табиғат,
Осы болар нұр шағың.
Толғақ біткен
Тұла бойың тұмса ағын.
Жарық күнге жайды қолын жаңа Өркен.
Жер-Ананың жарып шығып құрсағын.

МҰНАЙ КЕНІШІ. БӨГЕТ. ТЕҢІЗ СУЫ

(экологиялық этюд)

Шамырқанған шағы ма
Байыз таппай қу жаны
Көрі Каспий тағы да
Буырқана тулады.

Танымайтын төркінін
Болған қыздай бап тілеп.
Көбік шашқан толқынын
Құшақ-құшақ атты кеп.

Бұзып жарып, арна ашып
Асып-тасып барады.
Дауыл-дию жармасып
сасып қашып барады.

Не кездесе жолында
Басып-жаншып барады.
Айдарынан жел есіп
Ашынғансып барады.

Ашылғасын араны
Көкірегі кек тіреп.
«Теңіз» мұнай алаңы
Тосқауылын соқты кеп.

Тұла бойы дүр қызған
Жекпе-жекке шықты енді.
Құрыш қолдан тұрғызған
Бөгет неткен мықты еді?!

Осал жерін іздеді
Табылар ма талма түс?!
Аттай алмай ілгері
Ашу қысып, қайнады іш.

Сөгемін деп іргесін
Бұзамын деп бел тұстан.
Шыға жаздап мүлде есі
Қайта-қайта жер құшқан.

Таусылған-ау амалы,
Табаға енді қала ма?!
Ала алмай қамалды
Түсті ақыры сабаға.

АСАЛЫ — КӨКЕТАЙ

Жылыой өңірінің Төңірекшын төрінде орын тепкен осы бір әсем де сәулетті кесене өте ертеде арманда кеткен гашықтардың есімімен аталады. Дүлей заманның құрбаны болған екі жастың рухына бағышталып осы жыр-толғад дүниеге келді.

Күн күйіп тұр
Жол ұзақ
Алыс шалғай
Көкжиекте қайнаған ағыс бардай
Намыс қандай!
Мұнара шырақшысы —
Бағаналар қапталда қалыс қалмай.

Қайран Краз...
Үні өктем қуат төккен
Қырқа жалдап
Еңіске құлап кеткен
Күмбез шықты күн сүйген
Қиян шетке
Кім болды екен мәңгілік тұрақ тепкен?!

Қия тұстан құмығып дүбір келді.
Көңілденіп қарт шофер бұрылды енді.
— Махаббат мазары ғой мұңлықтардың
Асалы-Көкетай, — деп күбірледі.

Тыным тапқан сезгендей тыныс-үнін
Суыртпақтап тартамын сыр ұшығын
Шын ғашықтар жалғанда
Махаббаттың
Басынан кешіреді ұлы сынын!

... Сүйген
Күйген
Уағда серт байланған
Құнарсыздау ортада көктей ме арман?!
Өрт жайлаған жүрегін ғашықтардың
Ішкі сезім ушығып дертке айналған.

Сыбырласа құдай да естімей ме?!
Құлдарының тілеуін кеш тілеуде.
Үгітіне ермесе Ібілістің,
Үміт оты ертерек өшті деуге.

Қайран жүрек қайғысын кім түсінген,
Тілеулестер табылар жұрт ішінен.
Мың қайраған жігерін мәрт жігіттің,
Мұң жайлаған жанарын күлкі сінген.

Құшағына ап қысатын құрыш дене,
Тыным табар түн қайда тыныс кере?!
Көктей солып түсер ме Көкетай қыз
Қыздың жолы шынымен жіңішке ме?

Адал жастық,
Арыңа жүгін енді.
Дүлей дәстүр матаған дүйім елді.

Заманының жазылған өз заңы бар.
Жүзі жылып, жарықтық, жібімейді.

Қыз әкесі қатал-ды. Діні берік,
Құйын мінез үйіріп
Жыны келіп
Жалғызы ғой Көкетай
Қарғай алмай
Асалыны тастардай тірі көміп.

Алаулаған ару қыз алқызыл от,
Туғанына өкінді бай қызы боп.
Қара аспанын төндірсін.
Қаймығатын
Қара табан кедейдің жалғызы жоқ.

Бас білдіріп үйренген кіл асауға.
Жаны жұмбақ жылқышы
Сыр ашар ма?!
Тағдырына төн еді тарпаң мінез,
Ер жігіттен, ей, Өмір, сұра сауға!

... Көктем өткен кәкезек. Жаз ортасы,
Балға толып жанының омартасы.
Көкетайды ұзатпақ. Жетті хабар,
Шымырлап кетті жігіт жонарқасы.

Апырм-ай, бұл өтпеген қалып па асу?!
Қандай қиын қалаумен қалыптасу?!
Бай жүрегі — қара тас
Тас жіби ме?
Бір ғана жол қалғаны:
Алып қашу!

Сүймеген жан сұлуды өстер ме еді.
Тас жаратын талабы төске өрледі.
Қасына қара болар пана іздеген,
Көрлен байдың жүйрігін хош көргені.

Тақымына тиген күн арда күрең,
Тату мұрат бақыттың бал дәмінен.
Бозащының құмына тартып кетті,
Жолығуға жазсын да ардағымен.

Тілекші боп жылқышы қосы қалды,
Намысының қамшысы осығаны.
Досы бар-ды Төлеубай —
Жылқышы ол да
Жылан қабақ жотада тосып алды.

Ойластырған сол түні амал көп-ті.
Көп кешікпей қыздан да хабар жетті:
«Ұйқы дұшпан ұйытып
Тыншығанда ел
Бір амалын өздері табар» депті.

... Түн сұйылған,
Таң алды
Алакеугім
Аққу жұбы табысып Алакөлдін
Күншығысты бетке алып қатар ұшты
Ей, жаңа күн!
Тыныштық ала келгін!

Дүние ғашықтарға таң көрінді,
Атқан таң гүл-сезіммен сәнді өрлді.

Сәске түстің кезі еді
Сәл демалған
Арт жақтан будақ-будақ шаң көрінді.
Қуғыншы!!!
Келіп қалды...қап, өттеген!
Суырылып шықты біреу қара атпенен
Тәттісін тағдырының жаңа татқан
Ащысын алабөтен дәмепеген

Шырқ көбелек айналып шырын шағы,
Бауырынан үркіп кетті құлыншағы.
Қара аттының қарасы зорайады
Үстінде үкі көзді ұзынсары.

Сұлтаны қыз айттырған осы болар,
Қыз емес, қызыл түлкі есін алар.
Түрі жоқ тайынатын
Түтеп кеткен
Сезе ме сәт туарын өшін алар.

Көкетай көкбурылмен сәл ұзаған,
Қуғынның екпіні зор
Зәрі жаман
Асалы алдын тежеп
Айқасқан-ды
Өртеніп өкініштен
Жаны ызадан.

Шыңылдаған шоқпардай ер емес пе?!
Есесін жібермеген ерегесте
Ат бауырына түсірген
Айқасқанын
Қайыспайтын түседі емен еске.

Сұлтан ойы сұм неткен!
Біл, аржағын!
Жаһаннамаға жібермек бір-ақ жанын
— Желікпе, ей, жалшы құл
Жетер енді
Қыз қалады
Ал, саған бір оқ жалын!

Сұм заман тағдырына жала жапты,
Мойыныменен көтерген бар азапты.
Дүние дөңгеленіп көз алдында.
Асалы аттан құлап бара жатты.

Қызғыш құс ғайып болды көл қорыған.
Дүние-ай, тумайды Айы енді оңынан.
Үміті мен Сенімі
Үкілеген
Ұрдажық Уақыттың өлді оғынан.

Үмітсіз адам Ғаріп —
Өлі, тегі
Сенімсіз Болашақтан не күтеді?!
Қайғының көтере алмас қара тасын
Уыты ыстық жастың ерітеді.

Ғашықтардың ғұмыры келте неге?
Өз отына өздері өртене ме?!
Көктей солды шынымен Көкетай қыз,
Жанын жеген айналды дерті өлеңге.

Ah! Арман-ай, жалған-ай...
Тілек қалды жалғанбай

Жүрек қалды сормаңдай
Жүдеп қалды толған Ай,
Аһ, арман-ай, жалған-ай.

Лағнет! Зөһар заманға
Бола алмады-ау панаң да
Заманның соры — адамда
Алты қарыс азуы
Аш касқырдай талар ма?!

Жүрегіңе түскен дерт
Өртеді ме іш кернеп
Жалқын көкке құмар өң
Жаның солай ұшты өрлеп.

Көңіл іздеп тағы алаң,
Қай ендіктен таба алам?
Алтын балдақ зұлпықар
Сынып түскен сағадан.

Өзіне-өзі кім ие?
Жанарыма мұң үйе
Бес күн қимай қызығын
Бейопа бұл дүние.

Теңселіп Жер — тал бесік,
Өң мен түстей хал кешіп.
Бұл-бұл ұшып бақ құсым
Жарық сәулем қалды өшіп.

Асылым-ай, от өрім
Сенсіз Өмір не теңім?!

Қиық сызық — көкжиек
Қиып, сіңіп кетемін
Тұл тірлікті не етемін?!

Осылай өз үкімін өзі кесіп
Бұлдыр күн
Тұлдыр дүние
Сезімі өшіп
Қыршынынан қиды өзін қанжарымен
Қимылына үлгермей көз ілесіп.

Қуғыншылар күпінген күші тасып,
Капелімде дағдарды түсі қашып.
«Көкетайым дін аман болсын!» — деген
Байдың суық сұсы мен мысы басып.

Ей, есер топ!
Егесу шегі осы ма?!
Ей, сұм ажал!
Елірдің неге асыға?!
Махаббат қой жалғанда ұлы сезім
Ұлы сезім тән болған тегі асылға!

Асылдарды өлтіру — арамзалық
Ғашық жандар арманы қараң қалып.
Ұлы сезім өшпейтін үміті еді
Сол үміттен зердеме алам жарық.

Тағдыр неткен түрлаусыз
Қиял бөрі
Төтті түстей елесі жиі алдады

Ұлы сезім стандарт өлшем емес
Қалыбына заманның сия алмады.

... Қос төмпешік —
Қырқаның қос құлағы
Кімге, неге ербиіп сес қылады?!
Намыстар ма шарпылған
От ұшқындап
Найзағайлар бишігі осқылады.

Мұнлықтар жоқ арманын мұң ғып шерткен.
Жапа қанша жалғанда шындық шеккен
Таутарих сахнасынан шыға келіп
Аялдамай аңызға сүңгіп кеткен.

Жарқ-жүрқ етіп бейне ару нұр жүзігі
Жолақтанып өшеді жұлдыз ізі
Андағайлап аңыздар сілемінен
Мұнлықтардың көрінер мұнды жүзі.

... Қайғы жамап сондағы кекті ісінен.
Бар айыбын бай әке кеш түсінген
Көкетайға мавзолей соқтырған күн
Қуаныштан айырылған ес-түсінен.

Аңыз айтса, артында шындығы бар
Алласына хас шебер құлдық ұрар.
Асалыны жерлепті қыз қасына
Күн ашылған сейіліп мұнды мұнар.

Мазар іші. Бояуын қанық бөлген,
Бір тылсым күш шеберге шабыт берген.
Ғашықтардың ғаламат жан сезімін
Құдіретімен өнердің салып көрген.

Салып көрген тілегін, ой-арманын,
Селкеуі жоқ сезімдер ояңғанын.
Соның бәрін түйсіндім қабырғадан
Бояулардың нәріне тоя алмадым.

Қандай ғажап!
Хас шебер салған зерлер
Ару қыздар, өтіпті-ау арманда ерлер
Көзіме ыстық көрінер
Бабалардың
Махаббаты төгіліп қалған жерлер.

СҮЛҮЛҮК — КИЕ,
АЛМАЙЫҚ ОНЫ ӨЛТІРІП

(*Бүркітке*)

Көкөзек көктем
Көгілдір аспан
Жер де көк
Түйсініп тұрып толқу да бақыт пенде боп
Құрсайға конған қос жұбы құстың
ғажабы-ай

Бойымды шабыт
Қызығу сезім
Кернеп от.

Көкқұтан дедін
Аққұтан дедім мен тұрып
Ғажайып түске бөленген еді көл тұнық
Ғажайып түсім жоғалып кетсе не етемін
Бұзылмаса екен, қызынбаса екен жел
ТЫМЫҚ

Сиқырлы сурет!
Қайталанбайтын дара ғой
Сылана сипанып
Жатыр ма жазып жана бой
Қалың құрақтан қорғасын атса не етемін
Қарауылға алып бұғынып жатқан қарау ой.



Аққұтан дедім
Көкқұтан дедің сен тұрып
Келісім таптық ақшылкөк түске келтіріп
Сұлулық неткен!
Суардық жанар армансыз
Сұлулық-кие
Алмайық оны өлтіріп!

Көгілдір көктем
Аспан да
Жер де көгілдір
Көгілдір бұлттар көгілжім нұрын төгіп жүр
Дүниені егер сұлулық бояп тұрмаса
Өлі жартастан айырмасы жоқ Өмір бұл.

АНА АРМАНЫ

Аяулы ана.

Өмір деген тартыста.

Арпалысып келіп қапсың алпысқа.

Жетекке алып жетілдірген төрт ұлын,

Шаңырағын шалқақ ұстап әр тұста.

Төртеу — түгел

Төбедегі келді ме?

Төртеу болып жұмылғанға елжіре!

Дүние — өзің, төрт бұрышың — төрт ұлын.

Қуә болып қуануда ел, міне.

Қайран әке, ерте кетіп өмірден,

Мәңгі-бақи тұрақ тапты көңілден.

Бірақ орнын жоқтатпадың біздерге,

Жеңдің тағдыр тақсиретін кемірген.

Әке арманын орындауға серт берген,

Сонау кезде жанарыңнан от көргем.

ақ сүтінді ақтай алсақ жарадық

Ақтай алсақ түн ұйқыңды төрт бөлген.

Бүгін, міне, бәйтерексің мәуелі,

Шаңырақтың шаттық толы әуені.

Немерелер көңіліне қуат-дәт

Біздің тілек — амандығың әуелі.

Қалай ғұмыр кештім десең сен егер,

Әке тартып өсті десең мені егер —

Арманыңа жеткеніңе сене бер!

Ұрын келген ұры тісті заманда

ұлдарыңнан үміт күтсе кемел ел,

Сенің арқаң. Кім бар сенен кемеңгер?!

ІНІГЕ СЫР

Өзегінді өртеген шақ өз демің,
Көбелектей от құшатын кездерің.
Өзімшілдеу ой аңғартқан сөздерің,
Өз дегенің болмаса еш төзбедің.

Не ойладың? Айтып-ақ тұр көздерің,
Арты неге соғарын да сезбедің.
Бас білдірмес балалығым сен менің,
Шөлкем-шалыс шалалығым сен менің.

Керек емес бөгде шаттық, өзге мұң,
Жастығыңда жиып үлгер ой кенің.
Көңіл көзі шелденбесін,
Шел басса,
Көрінбеуі мүмкін — жер де көзкөрім.

Таразы қып ақылыңның безбенің,
Тағдырына терең бойла
Өзгергін!
Бала шағың ұқсағанмен басқаға
Болашағың —
Өмірі емес өзгенің!

ТҰҢҒЫШ

Құлағымда әлі үні,
Шырылдаған нәресте.
Ақ түйенің қарыны
Жарылған күн — Бәрі есте.

Қош ал
Мейлі, қош алма —
Ұл болмаса есе кем
Тұңғыштардың қашанда,
Жөні белек... несі екен?

Кімге тартып туған ұл?
Көрші-қолаң, мәз осы.
«Беу, ұқсамай тұмағыр
Аумай қалған әжесі».

Атаң сенің өмірден,
Өтіп кеткен ертерек.
Алғаусыз ақ көңілден
Сезілгендей ерке леп.

Сенің күйің шертілген,
Жергөк исі жеңсік пе?!
Әже бала... сол күннен
Аудың жекеменшікке.

Өзің үйдің «бұзығы».
Хош иісті шайыры
Немеренің қызығы,
Таусылған ба тәйірі?!

Батып солай мұрғамға,
Өзгерді анам бір күнде.
Сары кемпір тұрғанда
Саған жолау мүмкін бе?!

Бәрі сияр көңілге,
Шығарды әжең өкімін.
Келді сосын өмірге,
Едел-жедел екі інін.

Мұң емес... мен нұр құштым.
Әкесімін үш ұлдың
Тұла бойы тұңғыштың
Тұңғыш сырын түсіндім.

Мерейленем сол үшін,
Кең екен ғой бұл ғалам.
Сенің бүкіл болмысың.
Ыстық қаным тулаған.

Ұсақ болмай, шық ірі.
Өмір — күрес, шуы мол.
Туған үйдің тұғыры,
Туған елдің туы бол!

АУЫЛҒА АТТАНЫС

Ауыл жайлау төріне көшіп қонған
Сүрлеу жолды жаңғыртып өшіп болған
Қарттар сиреп қалыпты көрісетін
Қараборбай балалар өсіп қалған.

Не көрмеген қарттарым
Берін көрген
Колхоз үшін қандасқан
Жанын берген
Қожа болу жекеге —
Қожырамау
Қазына анау —
Маңдай тер малын бөлген.

Кеудесінде сәулесі
Оты бар жан
Өткелінен нарықтың өтіп алған
Құмалақтың көптігі —
Көздің сұғы
Сұғанақтың суық қол соты болған.

Мансапқорды заманның мысы басып,
Түңілгендей не бопты түсі қашып?!
Интернатта оқыған қатар-құрбы
Мал базарда қалады ұшырасып.

Жылда тасып Жем суы
Қауіп болған
Көбікше атып
Көк атты ауыл қалған

Қызыл іңір...

Желпиді ән түн түндігін

Қыз-бозбала қайтқанда сауық-тойдан.

Ұйығына тартады ұйқы мені

Көңіл неге бейуақта-күй тіледі?!

Тыныштықты бұзған кім?

Адам ба?

Аң ба?

Шабалаңдап түнімен ит үреді.

Өнуі үшін бап керек түйір дәннің

Қызыр баба қолдаса —

Сыйынғаным!

Боз төбенің бауырында

Бағым жанып

Боз қасқаны шалармын бұйырған күн.

КӨРШПЕ

Қаймана қазақпыз ғой ауылда өскен,
Құдайы көрші хақы — ауыр дескен.
Көңіліңнің түңлігін желпілдетер
Кеудемде астан-кестен дауыл көшкен.
Түсі игіні түңілтпес
Ұят қорып
Қанаттанып
Бойыңа қуат толып
Кеудеңе сыймағанда қуанышың
Біздің үйге кіреді шуақ болып.
Түзу ұшып мұржадан түтін деген
Қонақтаған көршілер құтын көрем.
Менің сынық көңілімді
Сыйпай салып
Бір ауыз шипа сөзің бүтіндеген
Есік алды. Ақылды қариялар
Кеудесінде ағынды дария бар.
бұл жалғанның баянсыз екендігін
Бұр жарғанын бөйшешек жариялар.
Қыз бойжеткен
Құрбысы таласа алмай
Ұл ер жеткен
Ортада дара шамдай
Сары кемпір шығарса сыр ұшығын
Қалжың-өзіл тастайтын қара шалды-ай!
Қонсы қонған екенбіз құдай қалап
Өмір өзі жүреді сынай қарап
Бұлақтарға жарасар тұнып аққан
Бітелмегей көздері лай қамап.
Тату сезім жанымның тыныс-емі
Көңіл ғана көңілден су ішеді.
Ырыздығы өлшеулі ғұмыр шіркін.
Тұйықталар біткенде ұлы шебі!

ГҮЛ МЕН ЖЫР

Тереземнің алдында
Тұр гүл өсіп
Үзілердей иіліп үлбіресіп ..
Үлбіреген сезіммен жыр жазамын
Гүл менен жыр
Екеуін жүрмін ес қып.

Онашада ой тербеп жыр бесігін,
Жырмен бірге түлетіп, гүл де өсірдім
Екеуімен тыныстап күн кешірдім
Көңілімнің төрінен мұң көшірдім.

Ауырғанда өлеңнің дерті меңдеп,
Гүлдің исі дауа ғой, елтігем көп
Жыр сілтесін құяды жүрек-мартен
Өзегімді шабыттың өрті кернеп.

Бұл-бұл ұшып көзімнен күйкі шағым
Көлдей шалқып көңілім
Нұр құшамын
Жыр кешінен оралып келе жатам
Күллі дүние сыйғандай —
Гүл құшағым!

Жазғы бақтың
Жұтсаң ғой түнгі ауасын
Жан дүниең сезінер шып дауасын
Сабат-самал санаңды сілкіп тастап
Қуып шырып көңілдің мұң-наласын

Жыпырлаған жез шеге
Жұлдыз жарық!
Тал-теректер түкпірде сыбдыр қағып
Түнжыр қалып танытқан түн қойнында
Сусыл қағар жарқанат күндіз ғаріп.

Үркіп тастап кеткендей ұйқы мені
Көңіл шіркін керемет күй тіледі
Ит-ырғылжың тірліктің бодауындай
Іркіт бітпей басына ит үреді.

Мойыл көзі жинаған мұңды шақтап
Тарқатылған бұрымы
Түнгі шақ пәк!
...Көкжиекті тілгілеп күміс кірпік
Келе жатыр тіршілік күн құшақтап

Түбірлер де тірілген
Нұр ап таңнан
Күбірлер ме...
Жастық-ау сыр ақтарған
Мұң мен Шерін
Махаббат іздей ме екен
Бақ ішінде бейуақыт жылап қалған

Бүгін
Ертең
Бар үміт бүрсүгіннен
Тірлік те бір
Тұмадай ыршып өнген
Тау толқынға жұтылдым тамшы болып
Жарық дүнием —
Жанарым нұр сіңірген.

ҰЛҒА ТІЛЕК

Ағайынның аты өлді,
Атаң ерте көз ілсін...
Көргем жоқ мен әкемді,
Оқ жонатын өзіңсің.

Өмір-күрес, күшке-сын.
Ірінің көп ұпайы.
Басыңа түспесін,
Біздер көрген құқайы.

Табан еті тілінген,
Әкең ұстап қайласын.
Ат тұяғын сүрінген,
Тай басқанда таймасын.

Көзің түспей күйікке,
Сергек көңіл сезінтіп.
Мен шықпаған биікке,
Сен шығарсың, көзің тік!

Өмір жайлы тынар ма өн,
Төсті уатар төзім бек.
Жеткізбеген бір арман,
Жеткіншегім өзің жет!

Аздық етер бір бақыт,
Ер жігіттің сойына.
Мен жазбаған жыр-жаһұт,
Олжа болсын ойыңа.

Мырза болмай тойынған,
Ырза болған кезде осы.
Сынық емес
Бойымнан
Жұқсын саған өзгесі!

II бөлім

ЖҰМБАҚ ӨМІР ЖАЙЛАУЫ

*Терек тамыр жайса —
Түбінде орман болар
Бала тәңір жазса —
Еліне қорған болар.*

ЖЕТІ ҚАЗЫНА

Киелі сан жетілік
Көңіліңе бекініп
— Жеті тінін өмірдің
Айтшы, — дедің өтінін.

— Патша көңілім сезеді:
ОЙ-өмірдің өзегі
Ойсыз жандар-шын ғаріп
Табылмайтын тез емі.

Ер жігіттің сойы ма?
ҚИЯЛ-қанат ойына
Қия шыңға қонақта
Сірә, сынға мойыма!

Қолдап сосын бір аллан
ҮМІТ-жанған шырағдан
Керуенінді жолға сал
Нар жүгінен құралған.

Илеп алар сені күн
СЕНІМ ғана-серігің
Жамау болсаң жарадың
Жыртығына еліңнің.

Асу-бел көп алда, рас
АРМАН жолы алдамас
Азаматы ма екенсің
Ардақтаған алты алаш?!

Бес парызың өтелді.
МАҚСАТ қойсаң жет енді.
Өмір-теңіз өтінде
Кемең желкен көтерді.

Тосар дауыл, нелер сын,
Жеңе білсең, сен — ерсің!
ЕҢБЕК түзеп еңсенді.
Төрт құбылаң теңелсін.

Түбі түспей қазынаң.
Түгел жүргей өз ұлан!
Күтем деме қайырым.
Қатал өмір-қазыдан.

ТЕРЕК ПЕН БАЛА

Терек өсіп келеді
«Жер, су нәріменен
Күн нұры
Сәніңменен
Бұтақ жай, ну бол!» — деген
Табиғат заңыменен.

Бала өсіп келеді
«Танылар
Нар-күшімен
Азамат-арлы ісімен
Өркенің өссін!» — деген
Үлкендер алғысымен.

Терек тамыр жайса-
Түбінде орман болар
Бала тәңір жазса-
Еліне қорған болар.

ҚҰМЫРСҚА

Жүрмек болып соны ізбен,
Бір құмырсқа көңілді.
Дос боп ара, қоңызбен,
Илеуінен бөлінді.

Жемін іздеп жүргенде,
Тауып алды жас дөңді.
Ауырлығын білгенде,
Ескі досын еске алды.

— Досым, — деді, — араға,
Келіп маған көмек бер!
— Дәл қазір ме, атама,
Гүл жинауым керек мол.

Қысылшаң шақ-тегі сын.
Кімдер адал парызға?!
Еш кетер деп өз ісім,
Қайырылмады қоңыз да.

Білмей сосын не істерін,
Ескі ұяға қайтыпты.
Басынан кешкенін,
Үйіріне айтыпты.

Мұңайыпты, қамығып,
Аяп қарап хәліне.
Құмырсқалар жабылып,
Көтеріпті дөнін де.

Доссыз бағың жана алмас.
Онсыз қысқа адымың.
Ескі достай бола алмас.
Жаңа достың қадірі!

ҚҰРАЛАЙЫМ, ҚАЙДАСЫҢ?

Адасты ма үйірден,
Болмаған соң тұрағы.
Асырадым биыл мен,
Киіктің жас лағын.
Әкелемін көк үзіп,
Су ішпеске қоймаймын.
Өзім қолдан емізіп,
Өзім күтіп, ойнаймын.
Күзде жұмыр жонданып,
Өсіп қалды лағым.
Атам бірде ойланып,
— Жібер, — деді, — шырағым.
Қасиетін танып ал,
Тағдыры бар талайлы.
Түзде туған жануар,
Еркіндікті қалайды.
Ұршық-өмір үйіріп,
Лағымды әкетті.
Көзімен жас үйіріліп,
Жылағым да кеп кетті.
Түсіп тағдыр тартысқа,
Қатайды ма тұяғың?
Жүр екенсің қай тұста,
Менің құйттай лағым!
Самғап қырда, зулағын,
Мезгіл қандай нұр шалған.
Қанды қолдың құрбаны,
Болып кетпей жүрші аман!
Кетіп едің бел өрлей,
Белден түсіп сен бір күн.
Біздің үйге келердей,
Елең қағып мен жүрмін.

ӘЖЕМ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢДЕР

I

Қария, — деп, ел-құтты,
Өулиеге балаған.
Әжем менің — ең мықты,
Ақылды асқан жоқ одан.

Мінезі — өткір ақ алмас,
Өнгімесі көшелі.
Колхоз құрып, ең алғаш,
Совет болған деседі.

Бәрін туыс санаған,
Жоқ, — дейді, — адам аласы.
Ауылдағы бар адам,
Ақ әжемнің баласы.

Наурызда сыр бар білем,
Жерге түсіп ақша қар.
Керісу де алдымен,
Ақ әжемнен басталар.

Би әжесі ауылдың, —
дейді оны барлығы:
Мұның тыңдап зәрудің,
«Жынын» қағып бауырдың,
Дауын шешіп қауымның,
Орындалар «жарлығы».

Ертегімен шықты үнім,
Ертөстікен сыр ұқтым.
Әжем барда-мықтымын,
Әжемменен биікпін.

Қара болып соңынан,
Өсіп келем мен де ерек.
Тастамайтын қолынан,
Ұршығындай дөңгелеп.

II

Әжем мені: «Бұлағым», — деді,
Мен бұлақтың еркін білдім.
Тағы бірде: «Өзегім», — деді,
Көк құрақтай желкілдедім.
«Кіп-кішкентай күнім», — деді,
Мен күн болып күлімдедім.
Елжіреді: «Жүрегім», — деп,
Жүрек болып дірілдедім.

Аймаласа «Асқарым», — деп,
Алатаудай өркештендім.
«Құлыным», — деп жиі айтатын,
Құлыншақтай ерке өскенім...

«Балапаным», — деді бірде,
Балапандай қанаттандым.
«Жаным, жаным...», — деген сайын,
Жана түсті жан оттарым.

МУРАЖАЙ. БАЛА. САПЕР

Танымау өз өлкесін.
Оқушыға ұят-ау.
Шежіресін шертетін.
Керек екен бір отау.

Түсіп көне іздерге.
Тарих бетін парақтап.
Жүрді олар бір кезде.
Жинап экспонаттар.

Шиті мылтық тауыпты,
Бірі ұшын найзаның.
... Кенет бір жай қауіпті.
Үрейін ап бар жанның.

Мұғалім де тұра қап,
Демі іштей тына қап.
Балада бар назары-
Қолында оның снаряд,
Қолында тұр ажады.

Көңіліне жаз қонып,
Олжасына мәз болып.
Тұрған аңқау балалық.
Сала берді өзгеріп.

Оқын қауіп көздерден,
Сезіп үрей сөздерден.

Бойын билеп қорқыныш;
Қатер, — деді, — кез келген.

Маңдай қарып суық тер,
Тастай қатып бір ауық.
Не істемекші, біліп көр,
Мөңгіріп, ес тұр ауып.

Не деуші еді атасы:
«Жаның келсе жан алқым,
Тең асықпа, шатасып,
Сабыр түбі — сары алтын».

Демеп ата ақылы,
Жебеп ұстаз, жақыны.
Өзіне кеп, ес кіріп,
Бойын билеп батылы.
Қарап алға, ілгері,
Басты аяғын ақыры.

Тұрып, қайта бір аттап,
Мектебінен ұзады.
Снарядты құлаптап,
Лақтыра құлады.

Сезінді өзін сай жақтан.
Жауын байқап залым дер.
Бір-ақ көздеп жайратқан.
Нағыз мерген жауынгер.

Оқушылар дін аман,
Қалды мектеп бүлінбей.
Ал мұражай құралған.
Шежіре-сыр бүгінде.

Өскен өмір, көлінде,
Сол бір қайсар бала бар.
Туған жердің төсіне,
Түспеу үшін жаралар.

Оқты көріп түсінде,
Жасап сонау ерлігін.
Отан қорғау ісінде,
Сапер болып жүр бүгін.

НЕСІМЕН КӨРІКТІ?

Көл құрағымен көрікті,
Күн шуағымен көрікті.
Тау шыңымен көрікті,
Бау гүлімен көрікті.

Қыс қарымен көрікті,
Қыз өрімен көрікті.
Ағаш жапырағымен көрікті,
Жер топырағымен көрікті,
Түн жұлдызымен көрікті,
Адам ұл-қызымен көрікті.

ЖОЛДАР

Қырында да, ойында,
Жолдар, жолдар...не түрі.
Жердің соққан бойында,
Қан тамыры секілді.

Тауды тесіп, көлді аттап,
Кесіп өтіп тайганы.
Тарауланып жан-жаққа,
Бірін бірі жалғайды.

Өуемен де, сумен де,
Өмір көшін сүйреген.
Бір көш шыққан бір белге,
Бір көш құлап, күйреген.

Тыныстайды бар ғалам,
Жер бар ма жол бармаған.
Ел мен елді жалғаған,
Ғарышқа да самғаған.

Жердегі, тау, көктегі,
Біткен емес жол шегі.
Адамдардың, өйткені,
Өмір жолы өлшеулі.

НЕ ТӘТТИ?

Аста-бал тәтті.
Адамда-жан тәтті.
Таттым талай тәтті бал,
Тәтті жаным нақ құмар,
Ащы термен өрілген
Тәтті-менің өмірім.
Тәтті өмірде
Десең егер не тынды?
Тәтті бір түс секілді,
Тәтті шайнап не түрлі
Азу-тірлік кетілді.
Өтті-кетті ол дәурен,
Елемейтін жоқ-барды.
Білмейтұғын тоқтамды
Тұрлауы жоқ дүние
Тұтам құйрық боп қалды
Түлкі заман айласы мол,
Мәзі жоқ
Бұлаңдама
Шалам бір күн тазы боп!

ЖАМБЫЛ ТУРАЛЫ ЖЫРЛАР

I

Ақындардың атасы,
Өлең-жырдың жотасы.
Майқыбидің сарқыты,
Сүйінбайдың батасы —
Жамбыл деген жарты әлем

Сол әлемге енші бір,
Өлең деген елші жүр.
Ел аралап, жер көріп,
Жақсылыққа қонсы жүр.

Өзбек жатқан ірге ауыл,
Қырғыз-қазақ бір бауыр.
Жамбыл болса — алдаспан.
Тоқтағұл да жыр-дауыл.

Қап тауының жерінде,
Руставели елінде
Гөзел қызға ғашық боп
Таба алмады емін де.

Ардақ тұтып арысын,
Толғап өтсе — тағы шын.
Мәскеуде де көтерді.
Қазақ елі намысын.

Айтыстарда қайнаған,
Семсер тілін сайлаған.
Жамбылдан кім қалмаған —
Досмағанбет, Сарбас па
Құлмамбет те жайраған.

Жамбыл десем
Есіме
Түседі мол несібе,
Бағыт сілтер Бағдаршам
Жырдың салқар көшіне!

II

Жарып шыққан жүрегін,
Бауыр еті Алғадай
Қабыл қылған тілегін,
Қабылеті Алғадай.

Ұзартатын өмірін,
Үміті еді Алғадай.
Суық тартса көңілін,
Жібітетін Алғадай.

Әке жырын ән қылып,
Түйіп өскен Алғадай.
Туған елін мәңгілік,
Сүйіп өскен Алғадай.

Көкірегін тербеткен,
Алғашқы әні Алғадай.
Жауға шапса дүрмекпен,
Алдаспаны Алғадай.

Қанатынан қырқылған.
Қыршын кеткен жан бұл ма?!
Алғадайдай ұл туған.
Не арман бар Жамбылда!

КҮН МЕН БАЛА

Бейне бір от теңге боп,
Көтеріліп күн көкке.
Үйден шыққан дөнгелеп,
Бала кірді дүрмекке.

Өткір көктің жанары,
Өртенеді майда бұлт.
Сәби көптің барады,
Қызығына айналып.

Таң ғажабын түсініп,
Қалған бала кекілді.
Сары шарын ұшырып,
Алған жаңа секілді.

Күндей күлген бүлдіршін,
Ай жүзінді нұр жусын.
... Ата-анаға — айналған,
Әрбір бала бір-бір күн.

ҚЫС

Қыстың көзі қырау
Қырын қарап тұр-ау
Жер көрпесін жұтқан
Қырық жамау-құрау.

Қақпан белдер-аппақ
Қатқан көл де-аппақ.
Тал-қайың да-аппақ,
Жан-жағым да-аппақ.

Ақ жұмыртқа өлем
Уыз ауа-нәр, ем
Шыны түстес аспан
Шытынап тұр әрең.

Ақырғаны-ай ақпан
Ашуынан сақтан!
Кансонарда қанды із
Қасқыр шайнап қақпан.

Қыс дегенің осы —
Ғөңіл-күйдің хошы.
Қырсыздардың өші
Қайсар жандар досы.

КӨКТЕМ

Таң болып сыңсып атқан
Тал болып бүршік атқан.
Ән болып жыршы баққа
Көктем келді.

Құстардың қанатында
Жастықтың жан отында
Шаруагер санатында
Көктем келді.

Жыр мен сыр
Ән ағылтып
Жүректі алабұртып
Қуантып даланы ынтық
Көктем келді.

Ақ тұма бұлақ болып
Жылғаға жылап толып
Қырларға гүл ап қонып
Көктем келді.

ЖАЗ

Кірпігінен күн күліп
Таң атқанда
Түн түріп
Бар тіршілік оянып
Қарай калар ынтығып.

Жымын тауып жүз өні
Құс базары қызады.
Күн өрмелеп биікке
Көленкелер ұзарды.

Былдыр-былдыр бал бұлақ
Сыбдыр-сыбдыр... мез құрақ
Жаз-бесікте тербелер
Сан алуан саз құрап.

Желегін-ай пүліш бақ
Жел жұлқыған уыстап
Көк шалғында шалқалап
Жатсаң, шіркін, тыныстап.

Гүлден алқа тағынып
Күндер өтер ағылып
Адамдар да жүреді
Жаз өмірін сағынып.

КҮЗ

Таба нан піскен табына
Таба-құм суып тағы да
Қоңыр күз келді
Бидай-мұрт
Ширатқан шымыр шағында
Базары тарқап бау-бақтың
Төбеден кеткен аунап күн
Ойнақтап шықты оймақ бұлт
Саумалын жұтып тау жақтың.
Көзінде көктің мұң кілкіп
Қорғасын бұлттар дым бүркіп
Сағалап сайды бұғады
Саусағы сояу жыңғыл түп.

Айбарлы-ау аспан тәңірі
От-ұшқын шеке тамыры.
Көгерген ернін тосады
Татыр сор, тарғыл шағылы

Терезе тырс-тырс
Тамшы ұра
Тымырсық ауа жаншыла
Асылын тастап, жасылын
Жауынға түскен малшына
Жалаңаш талдан хал сұра!

Күз ашып күрең қабағын
Дәм толы тартар табағын
Тағамның нан ғой ұлысы
Қастерле оны қарағым!

АЙДАҒАР АТҚАН АЙНАЗАР

(деректі аңыз)

Маңғыстаудың ойындағы 362 әулие­нің бірі, аңшылардың пірі, батыр ата Айназар туралы аңыз әңгіме, тарихдерек ел аузында жиі айтылады. Бұл дерек ізі бар аңыз, адамның көзіне жылан 100 жыл, сарүйек 1000 жыл көрінбесе айдаһар болады деген сөздің төркініне жетелегендей.

Аңыз түбін қазайық
Ақиқатын жазайық.
Әулие екен Айназар
Қасиеті ғажайып.

Көрінбейтін көзіңе
Жын-перінің өзі де
Киесінен қорыққан
Құты қашып безіне

Жау шапқанда жан-жақтан
Жағаларын қан жапқан.
Көзсіз батыр емес пе
Жай оғындай жайратқан.

Мерген екен баптағы
Мұлт кетпеген атқаны
Аштық жылы аң аулап
Ауылын аман сақтады.

Бір өзі үш мың аң атқан
Иесін жалт қаратқан
Үш рет омқа тұрғызған
Қансонарда таң атқан.

Ел-жұртының тірегі
Тыныштық қой тілері
Қауіп төнсе қалқан боп
Желеп-жебеп жүреді.

... Үркердей ел шоқтанған
Күнкөрісі жоқ-бардан.
Шілде туған бір күні
Абыр-сабыр боп қалған.

Өңім бе, әлде, түсім бе
Көрген куә күшіне
Пайда бопты айдаһар
Шоқырақ тау ішінде.

Оба бардай
Ол жақты
Жалғастырмай жол жатты
Көзі тисе көргенге
Арты жақсы болмапты.

Ғажайып көп ғаламда
Жұмбақ саған, маған да
Маңайынан безіпті
Жайылған мал, тағы аң да

Үрей жайлап есікті
Амал болмай кесікті
Тастап ата қонысын
Ел дүрлігіп көшіпті.

Білген бір жай ел тегі
Алаңдатып ертеңі
Құлақ түрсең аңызға
Құрақтай сыр шертеді.

...Ұланактың алдында
«Қаратұран» бардың ба?
Тұт ағашы көмкерген
Үлкен үңгір бар мұнда.

Жердің жарық туысы
Өлде таудың қуысы
Қарғыбауын қарғыстың
Шенгелдеген уысы.

Алтынменен апталған
Қазынасын сақтаған.
Мекен еткен үңгірді
Перілер шоқ табан.

Байлық деген өзді-өзі
Қызықтырар өзгені
Жеті молда кірмек боп
Ағып түсті көздері.

Өзі сұсты, езі нән
Улы, зәрлі, көзі қан
Айдаһар күн-түні
Қазынаны қорыған.

Жаннан безген бар ма адам?
Ешкім жолай алмаған
Аруақ өзі қолдады
Шақта амал қалмаған.

Ол-Үйтолы әулие
Әулиеде бар кие
Дұғасының күшін айт
Дуалайтын жан-жүйе

Қасиеті-қамшы ма?
Тіліп түсер, ал, шыда!
Тығылар жер таппассың
Тар кеуденнен жан шыға

Осал жері осы еді
Мақұлықтың кеселді
Тас үнгірден жарыққа
Қашып шыққан деседі.
... Ебін тапса айла озар
«Бола гөр, — деп-алла жар!»
Айдаһарды құртпақ боп
Іздеп келді Айназар.
Талай жүрек шайылған
Талай қанат қайырылған
Мақұлықты табады
Борлы-суат сайынан.
Көрген жан ғой көп жорық
Жол болдыға бек жорып

Бір күн жатты бақылап
Жезден сүйір оқ жонып.
Қарттар айтқан шежіре
Қатер-қаупін сезіне:
«Өткір, улы көздері
Арбай тартар өзіне»
Арбап қапы қалмасын
Қанжығасы қандансын
Қарағашқа қарсы өскен
Өзін-өзі танғасын.
Пірлеріне сыйынып,
Бойына күш құйылып
Айдаһарды атады
Қас-қабағы түйіліп.
Оқ денеге өтеді
Жан дауысы жетеді
Қорыс қылып маңайын
Жантәсілім етеді.

Жоқ аждаһа-жоқ қайғы
Мерген көңілі тоқтайды
Бозбиенің сүгіне
Шомылып жан сақтайды.

...Дүлей беті тілінді,
Үрей бұлты түрілді.
Жұрттан көшкен жалпақ ел
Беті қайта бұрылды.

Ауыл қайтып көшпепті
Ошақ оты өшпепті
Көш бұрылған сол жерді
«Ел қайтарған» деп кетті.

* * *

Бастан кешкен сұмдық хал
Ел дерегін үңгіп қал!
Астарында аңыздың
Андыздаған шындық бар.

Дәлел-десең егер де
Мұражай бар, бөгелме!
Айдаһардың, қаңқасын
Көрген қарттар көп елде.

Кесел келсе көлденең
Емшіге бай ел деген
Омыртқасымен ғана
Құрт ауруын емдеген.

Пәле-жала қаптаған
Келмесін-деп қарт бабам
Қабырғасын сандыққа
Ырым қылып сақтаған

Заман-ай ... зіл салмағы
Айдаһардай арбады
Обырлардан қорғай жүр
О, Әулие аруағы!

МЕТАГРАММАЛАР

«А» әрпінен бастасаң,
Егістерді суарам.

«Б» әрпінен бастасаң,
Су-өмірім, су-анам.

(Арық-балық)

«И» әрпінен бастасаң,
Үйдегі хайуанат.

«К» әрпінен бастасаң,
Мұхиттан ауланбақ.

(Ит-кит)

«К» әрпінен бастасаң,
Толқын атып, тыншыман.

«Ш» әрпінен бастасаң,
Ми жазық құм сусыған.

(Көл-шөл)

«Т» әрпінен бастасаң,
Өркеш-өркеш ер тұлға.

«Т»-ны алып тастасаң,
Түстің балық, ал тула!

(тау-ау)

«Н» әрпінен бастасаң,
Құраннан да биік дәм.

«Ө» әрпінен бастасаң,
Әуен-сазы ұйытқан.

(Нак-ән)

«Т» әрпінен бастасаң,
Тымақ шығар аты ұнар.
«К» әрпінен бастасаң,
Шек-сілеңді қатырар.

(Түлкі-күлкі)

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Қоянды
Қамыс өлтірді ме?
Қоянды қамыс өлтірердей,
Жел тұрды ма?

* * *

Жылы-жылы сөйлегенде,
Жылан інінен шықты ма?
Жылан інінен шығардай,
Тілінді ұқты ма?

* * *

Құлан қасынғанда,
Мылтық басылды ма?
Құлан қапы ұрды ма?
Мылтық атылды ма?

ЖҰМБАҚТАР

Төрт түліктен танып ал,
Желден жүйрік жануар.

Ат

Сүті тілінде,
Құтың үйінде.

Сиыр

Түліктің төресі,
Түздің кемесі

Түйе

Қайсы мал момын саналған,
Үстіне бейбіт заманда
Бозторғай жұмыртқалаған.

Қой

Бағынышты бар адам,
Тық-тық етіп күні-түн.
Өміріңді санаған.

Сағат

Инеліктен аумай бір,
Шарболат құс самғап жүр.

Тікұшақ

Құлақ түрсең дыбысы —
Бүкіл әлем тынысы.
Ер мен елдің ұлы ісін —
Көрсетеді шынысы

Теледидар

Түнімен жанады, ағады,
Зым-зия жоғалар таң алды.

Жұлдыз

Түн болса да таныдым:
Желкен қылып жарығын.
Жүзген алтын қайығым.

Ай

Бұлтты күн қолға алам,
Жауыннан қорғанам.

Қол шатыр

ҮЙҚАСЫН ТАП

Түзін кезген жас қыран,
Байлық тұнған бұл ара.
Жеті қат жер астынан,
Мұнай тартқан...

(мұнара)

Жетелейді жол ұзап,
Өтейтін көп парыз бар.
Состав тартып күнұзақ,
Ағылады...

(поездар)

Қалтқым кенет шым батты,
Тарттым сабын шалқалай.
Қауып қалған қармақты,
Аңқаусың-ау...

(шортан-ай)

Жаздың жайлы кешінде,
Жатыр толқып Жайығым.
Тербеледі төсінде,
Менің құйттай...

(қайғым)

Жүрексінген әлгіде,
Белден төмен қарап ем.
Батылданып ал, міне,
Заулап келем...

(шанамен)

Дала ерні кезерген,
Сағым ойнап бел-өрге.
Ыстық өтіп төбемнен,
Қойып кеттім...

(өзенге).

Мазмұны

I бөлім. Киелі мекен — кең Жылыой	3
Жем — Жылыой	4
Жастық	8
Қоңыр шал. Жеркепе. Қоламта.	9
Шатпақөл. Аптап. Шалғы орақ	10
Соқыр қыздың күйі.....	11
Кейуана	13
Мендекештің суретімен тілдесу	16
Қарашүңгіл киесі.	17
Теніз — телегей.....	19
Фонтан	20
Мұнай кеніші. Бөгет. Теніз суы.....	21
Асалы — Көкөтай.....	23
Сұлулық-кие, алмайық оны өлтіріп	33
Ана арманы	35
Ініге сыр	36
Тұңғыш	37
Ауылға аттаныс.....	39
Көршіге	41
Гүл мен жыр	42
Ұлға тілек	44
II бөлім. Жұмбақ өмір жайлауы	46
Жеті қазына	47
Терек пен бала	49
Құмырсқа.....	50
Құралайым, қайдасың?	51

Әжем туралы өлеңдер	52
Мұражай. Бала. Сапер	54
Несімен көрікті?	56
Жолдар	57
Не төтті?	58
Жамбыл туралы жырлар	59
Күн мен бала	61
Қыс	62
Көктем	63
Жаз	64
Күз	65
Айдаһар атқан Айназар	66
«Бастан кешкен сұмдық хал»	71
Метаграммалар	72
Жаңылтпаштар	73
Жұмбақтар	74
Ұйқасын тап	76

Қаржау
ОРАЗБАЕВ

ҚАРАШҮҢГІЛ

Өлеңдер

Суретін салған *Т.Мұқатов*
Корректор *С.Ләтиева*
Тех. редакторы *А.Мұқышева*
Компьютерде беттеген *А.Құрманғалиева*

Теруге берілген күні 07.08.00. Басуға қол қойылған күні 15.12.00. Пішімі 70x90 $\frac{1}{32}$. Шартты баспа табағы 5,0. Есепке алынатын баспа табағы 5,2. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 417. Бағасы келісімді.

«Өлке» баспасының өз баспаханасында басылды:
480002, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7.
Тел.: 33-22-21, 77-09-13.



Қаржау ОРАЗБАЕВ
Жағалбайұлы 1953
жылы туған. Бұған
дейін «Атырау айдыны»
(1982), «Жыр-бесік»
(1983), «Мерейім мекен»
(1992) ұжымдық жыр
кітаптарына топтама
өлеңдері енген.

Жылыой аудандық
«Кең Жылыой» газеті-
нінің бас редакторы.
Қазақстан журналис-
тер Одағы сыйлығы-
ның лауреаты.